

# Құттықтаймыз!



Әріптестеріміз Сұраншы Сауранбаев атындағы орта мектебінің тех қызметкері **Аяш БЕГІМБЕТОВАНЫ** сәуір айының 5 жұлдызында 61 жасқа толып, зейнет демалысына шыққан қуанышымен және осы мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі **НҰРЫШОВА Алия Қызайбайқызын** наурыз айының 28 күні 60 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз! Сіздердің шаңырақтарыңызға шаттық, босағаларыңызға береке, өмір жолында тағдыр тастарыңыз тек өрге домаласын деген тілек жолдаймыз. Денсаулықтарыңыз қуатты, ғұмырларыңыз шуақты болсын. Отбасыларыңыз берекелі, бастарыңыз аман болсын. Ұзақ өмір сүріп 100 жасқа жетіңіздер!

Құтты болсын қуанышты күніңіз,  
Жарқын күнде жақсы өмір сүріңіз.  
Аллыстың да асқарынан астыңыз,  
Ғасыр жасап, аман-есен жүріңіз.

Құттықтаушылар: Сұраншы Сауранбаев атындағы орта мектеп ұжымы

ЖАС ҚАЛАМ

## Қаныш әлеміне жақындай түстім



Қазіргі таңда «Отбасы хрестоматиясы» баспасынан шығып жатқан «Қаныш және ғылыми майдан», «Өзбекәлі және мәдени майдан» және «Жұмабек және жер майдан» сынды қазақтың маңдайына біткен асыл тұлғалардың ерен еңбегін насихаттайтын туындыларға жастардың қызығушылығы күннен күнге артып келе жатыр. Қай әлеуметтік желіге табан тірмесеніз де осы кітаптарды талдап жатқан, насихаттап жатқан, ұсынып жатқан оқырманнан көз ашпайсыз. Менің мектебімнің кітапханасында аталған кітаптар менмұндалап тұр екен. Көзіме бірден «Қаныш және ғылыми майдан» кітабы түсіп, дәл осы шығармадан бастағым келді. Кітап-ауқымды әрі қызықты екені көрініп-ақ тұр. Кітапханадан ала салып, қоңырауда бастап кеттім.

Кітапты бастай сала қызығына кіріп, сабақтың қалай басталғанын байқамай да қалыппын. Жеңіл, түсінікті тілде көркем жазылуы, желісі, бірден өзіне баурап алуы бәрі-бәрі бастай сала ұнады. Автордың Медеу Сәрсекімен кездесуі, Жезқазған кен орнының сондай қиыншылықпен ашылуы, Ұлттық ғылым академиясының басынан өткен нәубеті, Қаныштың қазыналы ғұмыры айтарлықтай қызығушылық тудырды. Ұлты үшін, елі мен жері үшін біршама тәуекелге барып, басын бәйгеге тігіп, талай сын сағатта сүрінбей өтуі Қаныштың парасаттылығынан сыр шертті.

Кітапті оқу барысында көптеген ой түйдім. Соның бірі: «Таспен атқанды-аспен ат» деген ұстанымды Қаныштың өмірлік ұстаным етуі. Өзіне жақсылық жасаған адамға да, қиянат жасаған адамға да жақсылық жасау-нағыз адамдықтың белгісі екенін ұғындым. Себебі ондай амалды екінің бірі жасай алмайтындығы хақ!

Бұл кітапты оқу барысында мен Қаныш Сәтпаевты тек ғалым ретінде емес, аса биік қайраткер ретінде таныдым. Қаныштың адамдығына, адалдығына тәнті болдым. Кітапты екі түн ішінде қалай жылдам аяқтап қойғаным өзіме де беймәлім. Осынау тарих тағылымынан сыр шерте отырып, Қаныштың ғибабаты ғұмырынан шынайы адамдықтың бейнесін оқып, бойымызға сіңіре аламыз! Сондықтан, «Қаныш және ғылыми майдан» кітабын баршаға ұсынамын!

Зере СЕРІК,  
11-сынып оқушысы

## Хабарландыру!

«Алматы облысының құрылыс басқармасы» ММ 2026 жылғы 13 сәуірі мен 17 сәуірі аралығында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылында ветеринариялық пунктпен біріктірілген ветеринариялық станция құрылысы жобасына қатысты қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы жұртшылықты хабардар етеді.

Жеручаскесінің және әсерету аумағының географиялық координаттары: 42°71'23.75" СШ, 80°17'46.53" ВД.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы – «Алматы облысының құрылыс басқармасы» ММ, мекенжайы: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, Әлия Молдағұлова көшесі, оқушы, 82. Тел.: 8 7282 24-78-26, e-mail: otdepto2021@mail.ru.

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел.: 87773433466. Мекенжайы: Талдықорған қ., Назарбаев көшесі, 120/50, e-mail: Afanasieva\_olga@mail.ru

Жоба материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады, сондай-ақ Алматы облысының табиғи ресурстар басқармасы: тел.: 8 (72772) 2-32-67, e-mail: 329267eco@mail.ru, мекенжайы: Қонаев қ., Жамбыл көшесі, 13.

ЖАО сайтына сілтеме: [https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/press/article/1?activities=\\_11448&lang=ru](https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/press/article/1?activities=_11448&lang=ru)

Ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz сайтындағы «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде және 329267eco@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

## Объявление!

ГУ «Управление строительства Алматинской области» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 13 апреля по 17 апреля 2026г. по разделу «Охраны окружающей среды» Строительство ветеринарной станции совмещенный с ветеринарным пунктом в с. Нарынкол Райымбекского района Алматинской области

Географические координаты участка и территории воздействия: 42°71'23.75" СШ, 80°17'46.53 ВД.

Инициатор намечаемой деятельности - ГУ «Управление строительства Алматинской области», Алматинская область, Райымбекский район, с/о Нарынколский, с. Нарынкол, ул. Әлия Молдағұлова, уч. 82 А, тел.: 8 7282 24-78-26, e-mail: otdepto2021@mail.ru.

Разработчик: ИП «Экология», тел. 87773433466. г. Талдықорған, ул. Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva\_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ndbecology.gov.kz. Управление природных ресурсов Алматинской области, Тел.8(72772) 2-32-67, 329267eco@mail.ru, г.Конаев, ул. Жамбыла, 13.

Ссылка на сайт МИО [https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/press/article/1?activities=\\_11448&lang=ru](https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/press/article/1?activities=_11448&lang=ru).

Замечания и предложения принимаются на сайте: ndbecology.gov.kz в рубрике "Опубликованные публичные обсуждения" и 329267eco@mail.ru.



МЕНШІК ИЕСІ:  
«ХАНТӘҢІРІ  
РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС  
Директор-  
Перизат ІЗТЕЛЕУ  
Бас редактор –  
Дастан ЖАҢАСІЛ

Редакция алқасы:  
Айгүл ТАҒАЕВА –  
веб-редактор, дизайнер  
Ақерке БИЖАН – тілші

Қазақстан Республикасы  
ақпарат және  
коммуникация министрлігі  
байланыс, ақпараттандыру  
және бұқаралық ақпарат  
құралдары саласындағы  
мемлекеттік бақылау  
комитетінде 2017 жылғы  
13 сәуірде тіркеліп,  
№16447-Г куәлігі  
берілген.

«Принт-плюс» ЖШС-ның  
баспаханасында басылады.  
Алматы облысы, Іле ауданы,  
Өтеген батыр ауылы,  
С.Сейфуллин көшесі, 2 «Б»  
Таралымы 3000 дана.  
Индексі 65543.  
Көлемі екі баспа табақ.  
Офсеттік тәсілмен басылған.  
Газет айына төрт рет шығады.  
Бағасы келісімді.

Жарияланған мақала  
авторларының пікірі редакция  
көзқарасын білдірмейді.

Материалдар иесіне  
қайтарылмайды және оған  
жауап берілмейді. Жарнама  
мен хабарландырудың  
мазмұны мен мәтіні,  
суреттеріне жарнама беруші  
жауапты.

Редакцияның  
мекенжайы:  
Нарынқол ауылы,  
Б.Соқлақбаев көшесі, 20/1,  
1- қабат  
Байланыс телефондары:  
Бас редактор 2-20-92,  
Жауапты хатшы 2-20-34  
Нөмірдің кезекші редакторы  
Дастан ҚАСЕНҰЛЫ.